

Ж.Ө. Дағарова^{1*}, А.Т. Бакирова², С.К. Рахимжанова³

¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан;

²Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазақстан;

³«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Астана, Қазақстан
(E-mail: janka_04@mail.ru, alua_23@mail.ru, rakimzhanovas@mail.ru)

Ежелгі және орта ғасырлық философия тарихындағы тағдыр және ерік еркіндігі идеясы

Мақалада ертедегі және орта ғасырлық философия тарихындағы тағдыр және ерік еркіндігі идеясына қатысты түрлі көзқарастар қарастырылып, тағдыр мәселесіне тарихи-философиялық талдау жасалған. Авторлар тағдырды мәнмен анықталған тәртіп ретінде қарастырып, оны әрдайым субъективтілік пен объективтіліктің бірлігінде өмір сүретін болмыстың ерекше формасы екендігіне назар аударады. Тағдыр мәселесін түсінудің нақты тарихи нұсқаларына назар аудармай, олардың арасында адамның өмір сүру әлеміне қатысты еркіндігінің дәрежесіне байланысты оның объективтік немесе субъективтік тұжырымдамасының басымдығы туралы тұжырым жасалған. Антикалық философияға рефлексиялық талдау тағдырды космостық процестердің қажеттілігі және реттіліктің негізгі бастауы ретінде қарастыру контекстінде, ал орта ғасырға рефлексиялық талдау адамның рухани құтқарылуы, яғни сотериология туралы христиандықтың маңызды философиялық діни ілім ретінде қарастыру контекстінде ұсынылған. Ежелгі грек философиясы адамның табиғи және ғарыштық заңдар шеңберінде қалай әрекет ете алатындығына назар аударатындығы мен ортағасырлық философия адамның тағдыры Құдайдың жоспары мен моральдық жауапкершілігімен көбірек байланысты болғандығын ескеріп, осы екі тәсілде сыртқы немесе ішкі шектеулерге қарамастан адамға өз жолын таңдауға мүмкіндік беретін ерік еркіндігін сақтау маңызды мәселе екендігін көрсету. Тағдыр тұжырымдамасы себептілік тұжырымдамасын қалыптастырудың белгілі бір кезеңі болғанын көрсету арқылы автор тағдырдың тұжырымдамасы когнитивті мүмкіндіктердің жаңа мүмкіндіктерін ашқандығын, ал оның нәтижесі кейін рационалды ойлауды қалыптастыруға себеп болғандығын процесін көрсетуге тырысады.

Кілт сөздер: тағдыр, еркіндік, ерік еркіндігі, Құдай, игілік, логос, Ақыл-Демиург.

Kipicne

Адамның тағдыры туралы философиялық ойлардың дамуының заманауи кезеңінде адамның тағдыры мәселесі бұрынғыдай жеткілікті дәрежеде толығымен танылған жоқ. Осыған байланысты жаһанданудың тарихи контекстінде және әлеуметтік трансформациялар жағдайында қарастырылатын адамзат тағдырын түсінудің мән мағынасына зерттеу жүргізу қажеттілігі туындап отыр. Адамның тағдыры мәселесі адамзат тарихының негізгі мәселесі. Адам тағдырының тарихи мәні оның жеке болмысының әлеуметтік маңыздылығы ретінде, әлеуметтік-тарихи трансформациялардың контекстіне енетін оның мәні ретінде көрініс табады. Тағдыр мәселесін зерттеу белгілі бір дәуірдің идеялық күйіне, оның саяси құрылысына, әлеуметтік-мәдени ахуалына байланысты өзінің өзектілігі мен маңыздылығын жоғалтпайды.

Мәселенің өзектілігі — Ежелгі грек философиясы адамның табиғи және ғарыштық заңдар шеңберінде қалай әрекет ете алатындығына назар аударатындығы мен ортағасырлық философия адамның тағдыры Құдайдың жоспары мен моральдық жауапкершілігімен көбірек байланысты болғандығын ескере келе, осы екі тәсілде де сыртқы немесе ішкі шектеулерге қарамастан адамға өз жолын таңдауға мүмкіндік беретін ерік еркіндігін сақтау маңызды мәселе екендігін көрсету.

Мәселенің өңделу дәрежесі — мақаланы жазуға әрқашан біз білетін В.П. Горан, А.А. Столяров, А.Ф. Лосев сияқты көрнекті ойшылдардың философиялық зерттеулері арқау болды. Грек ойшылдары мен орта ғасыр ойшылдары саналатын Гераклит, Сократ, Платон, Эпикур, Боэций, Ф. Аквинский, Ансельм Кентерберийский сияқты ойшылдардың көзқарастары зерттеу тақырыбының мақсатына қол жеткізу барысында өзекті болды.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: janka_04@mail.ru

Зерттеу жұмысының объектісі — ежелгі және орта ғасырлық философиялық-тарихи концепциялардағы адамның тағдыры туралы түсініктерді зерттеу.

Зерттеу жұмысының пәні — ежелгі және орта ғасырлық философия тарихындағы тағдыр және ерік еркіндігі идеяларына философиялық талдау жасау арқылы олардың қазіргі өмір сүріп отырған заманымыздағы тағдыр мәселесіне қатысты өзектілігін көрсету.

Зерттеу жұмысының мақсаты — ежелгі және орта ғасырлық философия тарихындағы тағдыр және ерік еркіндігі идеяларына сүйеніп, адам тағдырының мәнін құрайтын объективті және субъективті факторларға талдау жасау.

Зерттеу әдістері

Мақаладағы ежелгі және орта ғасырлық философия тарихындағы тағдыр және ерік еркіндігі идеясын қарастыруда салыстыру және диалектикалық әдістер және сонымен қатар тарихи-логикалық зерттеу әдісі қолданылды.

Тағдыр мәселесіне синтез жасау және нәтижелерді жалпылау үшін тағдыр мәселесіне және оның тарихи дамуына қатысты ежелгі және орта ғасырлық философия тарихындағы алуан түрлі концепцияларға талдау әдісі жасалды.

Ежелгі және орта ғасырлық философия тарихындағы адам тағдыры идеясын анықтау мақсатында ондағы философиялық бағыт өкілдерінің еңбектерін талқылау үшін герменевтикалық әдіс қолданылды.

Нәтижелер мен оларды талқылау

Тарихқа жүгінсек, адамзат баласы тағдыр мәселесіне ертеден қызығушылық танытып келеді. Алуан түрлі ойшылдардың зерттеулерінде тағдыр ұғымы әр түрлі аспектілерде зерттеліп, нақтыланып және түсіндіріліп келе жатыр. Мақалада тағдыр және ерік еркіндігі идеясына ерекше назар аударған ойшылдардың түсініктеріне сүйену арқылы философиялық-теориялық көзқарастар қарастырылады. Тағдыр және ерік еркіндігі мәселесі классикалық грек философиясында философтарды табиғат мәселесіне қатысты абстрактілі пайымдаулар емес, адам өзінің болмысын тануға қызығушылығы оянған уақытта басталды. Шындығында, тағдыр және еркіндік бір-біріне қарама-қарсы және бір-біріне уағдаластық қатынастағы мәдениеттегі фундаментальды түсініктер. Антикалық философия бұл мәселені қоя білді, бірақ та кейінгі қоғамдық ойлардың бүкіл тарихында талқыланып келген екі түбірлі мәселені аяғына дейін шеше алмады, ол біріншіден, адамның тағдырдың Құдайдың қолында ма әлде ол табиғаттың жаратылыс заңдарының салдары ма және екіншіден, адамның тағдыры мен ерік еркіндігін қалай біріктіруге болады және адам қандай да бір дәрежеде еркіндікке ие ме — деген сұрақ болатын. Осы сұраққа жауап іздестіру барысында диалектикалық және метафизикалық сияқты екі бағыт пайда болды [1; 303].

Гректер үшін әлем ол Ғарышты білдіреді, ол реттілік пен үйлесімнің тірідей жүзеге асырылғандығының көрінісі. Тағдыр осы Ғарыштың тұтастығына тікелей қатысты болғандықтан, тағдырдан тұтастықты байқаймыз және әлемнің тұтастығы осы тағдырда жүзеге асырылады. Мұндағы «Әлем-Ғарыш» атты антикалық түсінікке қатысты маңызды ерекшелікті ескеруіміз керек, ол Гректердің түсінігі бойынша, әлем қажеттілікке бағынады, бірақ бұл қажеттілік — мағынасыз қажеттілік. Мифологиялық дүниетанымнан заң мен тәртіп идеясының реттелген қайталанушылық үшін жауапты тағдыр образымен байланысты екендігін аңғаруға болады [2; 65]. Гомер кезеңіндегі адамның мифологиялық дүниетанымда мақсаттың орнын аяқталған ретінде түсінілетін тұтастық алады, әлем бізге нақты және толығымен берілген. Осындай ғарыштық «қажетті мағынасыздықтың» бір көрінісі ретінде әйгілі «мәңгі қайта оралу» идеясы атауға болады. Әлем-ғарыш мәңгі өмір сүреді, оның барлық элементтері ақырғы көптікті тудырады, және барлық пайда болып жатқандардың барлығы шынында сол бір элементтердің қайтадан әрекет етуі — кейін әлемнің осындай түсінігі «мәңгі қайта оралу» деген атауға ие болды, гректердің өздері мұны білмеді. Әлем біртұтас, бірақ та ондағы тағдырдың билігі соншалықты бірыңғай көрініс бермейді, өйткені әлемде адамдар емес Құдайлар да қоныстанған. Гректердің әлемге деген мифтік көзқарастарына сәйкес болмыстың негізгі принципі оңай, яғни тағдыр-қажеттілік барлығын басқарып тұр.

Адамның маңдайына жазылған тағдыр идеясы Тюхе деп аталатын кездейсоқтық құдайымен байланыстырылды. Тағдыр мәселесінің өзі уақыт өте келе Тюхе құдайына сәйкестірілді немесе қажеттілік пен кездейсоқтық деп аталатын философиялық мәселемен байланыстырылды [3; 51]. Кездейсоқтық айыптыға да жазықтыға да қарамайды, оны болжап білмейміз және ол иррационалды

сипатта. Кездейсоқтық қуанышқа бөлеуі де мүмкін және жазықсыз қасіретке ұшыратуы да мүмкін. Жазмыш қалады, бірақ оның орындалуы, Эдип мифіндегідей, өлімге әкелетін апаттар тізбегімен байланысты болып шығады. Кездейсоқтық тағдыр тұғырына көтеріледі немесе тағдыр қатерлі кездейсоқ жағдайға дейін түседі. Құдай дәрежесіне көтерілген кездейсоқтық әлемдегі құбылыстардың қатан қажеттілігіне және табиғаттың бірыңғай заңы саналатын — кездейсоқтықтың болуына жол бермейтін Логосқа қарсы келеді. Осы көзқарасты антикалық ойшыл Гераклиттің философиясынан байқауға болады. Гераклиттің пікірінше, әлем дегеніміз біртұтас, оны ешқандай адам да Құдай жаратқан жоқ, ол оттан пайда болған және тағдырға сәйкес отқа қайта оралады. Тағдырдың өзі Логос ретінде қажеттілікпен теңдес, ал қажеттілік дегеніміз ол өзгермелілік [4; 276]. Гераклит «тағдыр» сөзін алғашқы қолданушылардың бірі ретінде, ол «Барлық оқиғалар тағдырға сәйкес жасалып жатады, тағдыр дегеніміз бұл әлемді қарсы бағытталған қозғалыс арқылы жасайтын логос» деді [5; 715–721]. Оның ойынша, әлемдік ғарыштық гармония адамзат түсінігіне қол жетімсіз, әлемдік трансцендентальды ақыл ойдың мәні мен қасиеті. Атомизмнің өкілі Демокрит болса, табиғатты өз өзінің себебі ретінде қарап, ол әлемнің пайда болуы туралы мәселеге қатысты телеология мен теологияға мүлдем қарсы шығады. Оның ойынша, табиғатта барлығы мақсатқа сай болып жатқан жоқ және бұл тұрғыдан барлығы кездейсоқ деді. Ол әлемнің пайда болуы процесіндегі кездейсоқтың маңызды рөлін мойындады. Бірақ та бұл кездейсоқтық тек дамудың бағыттылығына, мақсатқа сәйкестікке қарама қарсылықта ғана. Нақты фактілер мен оқиғалардан тыс түсіндірмелерден Демокрит тек себеп пен салдарлардың тек тұтас тізбегін ғана көрді. Адам Демокриттің ойынша, кездейсоқтыққа сенбеуі керек, ол өмірде құбылыстардың себептерін білуге ұмтылуы керек. Демокрит қажеттілікті себептілікпен теңдестірді және адамның өмірінен кездейсоқтықты шығарып тастады және осының салдарынан табиғат заңының өзі тағдыр ретінде түсіндіріле бастады. Адам толығымен осыған бағынышты болады және оның алдында ол дәрменсіз. Осыған байланысты Эпикур: «Физиктердің ойдан шығарған тағдырына табынғаннан гөрі, Құдай туралы аңыз әңгімелерге сенген дұрысырақ» деген болатын [6; 405]. Тағдырға қатысты Демокрит пен Гераклиттің көзқарастары олардың философиясымен сәйкес келеді, өйткені олардың ойынша, от атомдардың қозғалысын тудырады; хаостан кейін кездейсоқтық орын алады; шексіздік болса адамның еркіне байланысты. Гераклит жалпы әлемдік заң мен адамзат заңын нақты саралап, әлемдік заңды тәртіпке басымдық бере отырып, ол қоғамдық заңды тәртіптің тиісті өлшемін анықтайды.

Яғни, тағдыр дегеніміз — қажеттілік заңдарының субъектіге көрінбейтін әрекеті (антикалық философиядағы логос, Қытай философиясындағы Дао) немесе иррационалды күштердің әрекеті (Мойра немесе Парка құдайлары, монотеистік діндердегі Құдай). Тағдыр мұнда космостық процестердің қажеттілігі және тәртіп пен реттіліктің негізгі бастауы ретінде түсіндіріледі. Мысалы, Платон мен Аристотельдің ілімдерінде, аса жоғары және ақылды космостық принципке бағынышты болды, ол Платонда Ақыл-Демиург болатын және Аристотельде Ақыл-Алғашқы түрткі болатын. Тағдырдың әрекетін бұл екі ойшыл космостың иррационалды стихиялық күштерімен шектеп тастаған болатын. Осы тағдырдың, жазмыштың бар екендігіне қатысты детерминизм алдын ала анықталғандықтың болуын себеп-салдарлық байланыс арқылы түсіндірген болатын. Ал, адам өзінің тағдырын өзі жасай алмайды деген тұжырымды ұстанатын ойшылдар фаталистер деп аталды. Мысалы, Сократ пен Августин Аврелий фатализмнің жақтаушылары болатын. Кейбір авторлардың пікірінше, тағдырды тануға ұмтылыс ол бейболмысты тануға деген ұмтылыспен тең. Табиғат емес адамды тануды өзіне мақсат еткен Сократ философиясында тағдыр адамға өзінің әмірін жүргізуден қалған, тағдыр адамның әрекеттері үшін жауапты емес, өйткені ол адамды жеке дара мән (самостоятельная сущность) ретінде қарады. Адам туралы оның пайымдаулары адамды ерік еркіндігіне ие жан ретінде түсінуге әкелді. Еркіндік Сократтың түсінігі бойынша — бұл «εἰς κρατεία». Мұнда ойшыл ішкі еркіндік туралы айтып отыр және мұндай еркіндік кез келген жағдайлар мен кез келген оқиғаларда мүмкін болады. Ол адамның байсалдылықты, іштей өзін өзі кедергілерсіз айқындау мүмкіндігін, физикалық инстинктерін игеріп алуын білдіреді. Сонымен қатар, еркіндіктің мұндай түрі адамға қоршаған әлемді тануға, адамға өзі үшін білімдер саласын ашуға мүмкіндік беретін интеллектуалды қабілетте көрініс береді. Сократ ақыл ой мен оның заңдары объективті және ақиқат, олар адамнан тәуелсіз өмір сүреді. Ерік еркіндігі ұшып келе жатқан жебенің бағытының векторы сияқты. Жебе бәрібір де садақтан ұшып шығады, бірақ ерік мақсат дұрыс таңдалғанда ғана оған атылуға мүмкіндік береді. Сократ үшін адамның ерік еркіндігі өнегелі мінез-құлықпен және ақыл оймен байытылған. Ойшылдың мұндай көзқарасы адам мәнінің христиандық түсінігіне ұқсайды. Сократ үшін адам ең алдымен өзінің танымымен және ақыл ойымен анықталады, адамға

ойлау белсенділігі мен адамгершілікке бағытталған мінез-құлық пен әрекет тән. Сократ өзінің эзәзілі оған оның болашағын болжап бергендігін айтқанын Диоген Лаэртский кейін өзінің пайымдауларында айтқан болатын [7; 103] (Эзәзіл Сократ үшін адамдарға белгілі бір әрекеттерге тыйым салатын ішкі құдіретті дауыс). Платонның мәліметтеріне сүйенсек, Сократтың пайымы бойынша Құдай адамға өзінің жеке өмірін сүруін міндеттеген. Тағдыр да фатум да емес, адамдардың орындай алатын немесе орындай алмайтын құдіреттің талабы. Сонымен қатар, құдіреттің талабының орындалуы батыллықтың көрінісін сипаттайды, өйткені осындай талаптың орындалуын таңдау өлім қаупімен байланысты болуы мүмкін. Құдайдың талабын орындаудан бас тарту жазғыруды талап ететін қоқынышты әрекет [8; 98]. Өлім жазасына кесілген және өзінің өлімін күткен Сократ өз таңдауында еркін болды: ол қашып кету мен өмір немесе заңның еркіне сай өлім. Оның таңдауы саналы болды және заңның үкімінің орындалуын саналы қажеттіліктен көрініс беретін әділеттілік идеясымен келісілген. Ол өлімге қарсы шығып, өзінің жеке өмірі үшін және өзі білім берген адамдары үшін өзінің эзәзілі көрсеткендей жасады. Сократтың көзқарастарының негізінде, Платон таңдау үшін жауапкершілікті адамға жүктеп қояды, немесе адамның өзі Құдай жасауды міндеттейтінін орындау немесе орындамауды шешуі керек. Платон адамның маңдайына жазған пешенесін оның ерік еркіндігімен сәйкестендіргісі келді. Оның ілімінде басты рөлде тағдыр емес, басты рөлде адамның ерік еркіндігі, оның шынайы жасаған амал әрекеттері. Мысалы, адамдардың өмірде табысқа жетпей, қабілетсіз болуы, оның тағдырынан емес, керісінше, оның алған тәрбиесіндегі қателіктері мен жалқаулығынан [3; 167]. Тағдыр Платонның пікірінше, жоғары, ғарыштан жоғары әлем немесе идеялар әлемінің шарты бойынша материалдық әлемде тәртіптің бар екендігін анықтайды. «Әлемді басқаратын оның идеялары алғашқы. Олар жердегі, материалдық әлемнің өмірін анықтайды. Бұлар формасы жоқ, қараңғы, тұрақсыз шексіз материядан пайда болған, көптеген заттардың құралатын, мәңгі үлгілері, парадигмалар, модельдер». Материяның өзі ештеңені тудыра алмайды. Платон материяны қажеттілік пен кездейсоқтық арқылы қарастырады [9; 95]. Платонға дейінгі түсініктерге сүйенсек, тағдырдағы жеке адам әлемдегі тәртіп үшін жауапты болып табылады. Ол метемпсихоз теориясының жақтаушысы ретінде, оның жанның бір денеден екінші денеге қонуы туралы туралы түсініктері адам жанының көзі тірісінде өзіне лайықты үлесінің әділеттілігі туралы мәселені шешіп бергендей. Адал, дана және аскеттік өмірді қабылдағандардың жаны үздік үлеске ие. Тағдыр, ол қоғамдық қатынастардың иерархиясын үйлестіруші имманентті рухани мартрица.

Антикалық дүниетанымдағы адам өмірінің мәні мен тағдыры туралы өзінің үлгісін ұсынған Аристотель адамның қоғамдық мәніне ғана назар аудармай, сонымен бірге адамның өз болмысының кеңістігінде өзінің тұлға ретінде сүретін өмірін таңдау мен оны қалыптастырудағы жеке өміріне де көңіл бөлді. Аристотельдің адамы — рухани жан және осыған сай адамның өмірі рухани бастамамен анықталады, толығырақ айтқанда, «жанның бағдары өмірді тудыру, ал өмір — бұл қолдана білу (бірденені)» [10; 29]. Адамның маңызды қасиетіне оның қызметке қабілеттілігі жатады, өйткені «адам дегеніміз — бұл белгілі бір қозғалыстың бастауы, өйткені қызмет бұл қозғалыс» [10; 47]. Аристотельдің ойынша, еркін адамның өмірінің мәні өзінің таңдауы бойынша алға мақсат қойып және оған қол жеткізу мүмкіндігімен анықталады. Өмір сүру образын таңдаудағы дара өмірлік жолдың бағытындағы адамдардағы айырмашылықтың себебі. Аристотель адамның өмір жолының тарамындағы екі негізгі бағытты анықтайды. Бірінші бағыт — бақытты өмірге апаратын жол, адамның жақсы және әдемі өмірге қатыстылығымен анықталады. Аристотельдің ойынша, бақытты өмірге аяқ басу үшін өмірлік жолды бастаудың қажетті шартына адамдағы таңдау мүмкіндігінің болуы және қайырымдылық, саналы қызмет пен ләззат секілді адамзаттың ұлы игіліктерін таңдау мүмкіндігінің болуы жатады. Сонымен, Сократ, Платон және Аристотель философиясы үшін ортақ мәселе адам өмірінің даралық сипатын мойындау, яғни адамдағы Құдайдың күші адамды өзінің жеке өмірін сүруге міндеттейді, бұл нақты бір адамның, өз әрекеттерінде адамгершілік принциптерін басшылыққа алатын, еркін, саналы және танушы адамның маңдайына жазылатын жеке таңдауы мен тағдырын шешетін мүмкіндігі. Сондықтан өмір жолының нақты дамуы адамның іс-әрекетіне, оның адамгершілік принциптеріне негізделген еркін таңдауына байланысты. Құдіреттің жазуына сәйкес өмірді таңдау адамнан батылдық пен ерік-жігерді талап етеді. Платон Сократтың идеяларын дамыта келе, адамның өмір жолының бағытын анықтайтын шешуші фактор ретінде еркін таңдауының маңыздылығын атап көрсетеді. Адам өзі таңдайды, өйткені ол саналы. Аристотель бойынша өмір жолы дара және ол саяси, әлеуметтік, рухани және таңдаушы адамның саналы негізделген таңдауымен қалыптасады.

Тағдыр мәселесіне қатысты стоиктердің пікіріне келсек, стоицизм бойынша ізгі өмірге апаратын жол — дұрыс ой мен әлемді дұрыс түсіну арқылы болмақ. Стоиктердің негізгі мәселесі бұрынғы емес, болашақтағы емес «қазіргі және осындағы» тікелей адамның өмірі. Игілікке қол жеткізуді Цицерон өмірлік қиындықтардан қайыспай өмір сүру ретінде қарастырады. Игілікке қол жеткізу жалғыздықта мүмкін емес және бақытты болу да қиынға түседі. Ол адамдардың бір-бірімен ынтымақтастығы арқылы, бір-біріне рухани-адамгершілігі жағынан ұқсас жандардың бірлігінде ғана мүмкін болады [11; 530]. Өйткені игілік адамдар арасындағы өзара қарым қатынаста ғана көрініс беретін бақытты сыйлай алады. Сонымен, римдік философтардың көзқарастары бойынша стоик — бұл өмірдің сынақтарын батылдықпен көтере білетін қайсар мінезді адам.

Сонымен, ежелгі грек дәстүріндегі адам — саналы, рухани және әлеуметтік жан. Адамның еркін таңдауы өмір сүрудің өзіндік ерекше тәсілін құруға деген ерекше адами қабілеттілік ретінде қарастырылады. Адамның жеке өмірі мәселесіне назар аударған антикалық ойшылдар адам өмірінің мәнін іздеу, индивидтің мәні мен оның өмірінің мәселелерін талдау сияқты тұлғаның өмірлік жолдарының анықтаушы факторларын айқындауға қатысты алдағы философиялық зерттеулердің бағытын айқындап, тұлғаның өмірлік жолының жекелеген жақтарына сипаттама берді.

Антикалық философияда маңызды рөлге ие болған адам тағдыры мен оның өмірінің құндылығы өзінің жалғасын орта ғасырда христиандық теологиядан тапты. Орта ғасырларда тағдыр туралы ілімдер тікелей христиандық дінмен байланысты болды. Антикалық гректер үшін адам жаны ғарыштың жанымен қатысты болса, діни философия ғарыштан тыс Жаратушыға бағытталған адамның ішкі мәніне үңіледі [12; 354]. Христиандық дүниетаным бойынша, Құдай адамдарды жаратты, оған ерік еркіндігін берді. Еркіндік адамның мәнін көрсетудің мүмкіндігі сияқты. Өзінің еркіндігін жүзеге асыру арқылы әрбір адам Құдай алдында жауапты болады. Бірақ та, тарихи қозғалыстар, барлық болып жататын оқиғалар қатаң түрде алдын ала анықталған, сонымен қатар таңдау да Құдайға байланысты болмақ. Осыған байланысты провиденциализм адамның жеке жауапкершілігі идеясын құнсыздандырады. Жер бетіндегі адамның өмірі шын мәнінде өзінің мәнінен айырылған болып шығады. Біріншіден, өйткені өмірдің мақсаты, яғни адамның құтқарылуы ақыр аяғында адамның өзіне байланысты болмай қалады. Екіншіден, бұл мақсат, яғни құтқарылғаннан кейінгі шынайы мәңгі өмір алыстағы беймәлім болашаққа өтіп кетеді. Үшіншіден, адам үшін өмір өзіндік құндылыққа ие болудан қалады, ол тек Құдай идеясын жүзеге асырудың құралы болып қалады. Адам өмірі құндылығының орта ғасырлық осындай қарама-қайшылықты концепциясы христиандықтың езілгендердің қозғалысы ретінде пайда болып, адамның жер бетіндегі тіршілігін құнсыздандыруға бұрмаланған абстрактілі-гуманистік формада қарсы күресуге қатысты талпынысының себебінен пайда болған. Бірақ та жердегі шынайы теңсіздік пен адам болмысын кемсітуді христиандық адамдардың мәңгі өмір сүруге қол жеткізудегі мүмкіндіктерінің теңдігі туралы және күнәлардағы теңдік туралы постулаттармен жеңіп шықты. Осыған байланысты христиандық тұлғаның адамгершілік құндылықтары кодексін тудырды, олар: мойынсұну, өзінің әлсіздігін мен күнәлі екендігінді ұғыну, Құдай алдындағы түкке тұрмайтындығынды ұғыну сияқты түсініктер болды. Осындай түкке тұрғысыз адамның идеалына антипод ретінде христиандық абсолютті ақыл ой мен ерікке ие күдіретті Құдайды тудырды. Мұндай көзқарасты Августиннің «Құдай қаласы» туралы ілімінен байқаймыз, оның ілімі адамның қасіретінің себептері туралы сұраққа әлеуметтік-діни утопия, әділеттілік пен бақытты тек иллюзорлық тұрғыдан уәде еткендігі ретіндегі жауап түрінде өңделген болатын. Өйткені, елдің біртұтастығының бұзылуы, ел ішінде болып жатқан соғыстар, үнемі қудалаушылық сияқты құбылыстар қоғамдық санада адамды қорғансыз пенде ретінде түсінетін көзқарас қалыптастырды. Ал, адамның жоғарғы әлеуметтік күштердің алдында тәуелділігінің нәтижесінде бүкіл ғаламаттың иесі Құдай идеясының пайда болуына әкелді. Құдай антикалық дәуірдегі космостың орнына келген адамның тектік әмбебап мәнінің көрінісіне айналған ақырғы антропоморфты мәнге айналды. Құдай космосқа қарағанда әлемнің көрінісі ғана емес, сонымен қатар, барлығын жасаушы. Құдайдың образы бойынша туған адам оның туындыларының ішіндегі ең басты орынды иеленеді. Адам — бұл тудырушының шығармашылық белсенділігінің мақсаты мен мәні. Адам жаны оның денесінен тәуелсіз рухани субстанция болып табылады. Жанымыз денемізде болғанымен, бірақ ол кеңістікте болмағандықтан, онымен бірге емес. Жан материалдық емес және жетілген сипатта болғандықтан, жан денеге өмір беріп, оны басқа алатын жоғарғы субстанция. Адамның мәні оның жанымен бірлікте. Христиандық түсінік бойынша Құдай адамдарды тудырды, оған ерік еркіндігін берді. Еркіндік адамзат мәнінің көріну шарты (мүмкіндігі) болып табылады. Өзінің еркіндігін жүзеге асыра отырып, әрбір адам

Құдай алдында өзі жауапты болады. Бірақ та, барлық тарихи қозғалыстар мен оқиғалар қатаң түрде күні бұрын белгіленген. Таңдау да ақыр соңында, Құдайға байланысты болып шығады. Жанды құтқарудың ең нағыз жолы — бұл шіритін денеден жанды құтқаратын және рухани денемен үйлесетін өлім ғана. Бірақ та бұған барлығы қол жеткізе бермейді, бұған тек тақуа адамдар ғана қол жеткізеді, ал қалғандар үшін өлім жаза болып табылады, немесе олардың жанының сезімдік денемен үйлескенінен кейін оларды мәңгі азап күтіп тұрады. Бұл көзқарастан адамның өзінің өмірлік жолын өзінің таңдайтындығы туралы тұжырым жасауға болады, яғни адамның алдында құтқарылу ма әлде мәңгілікке азаптану жолын таңдайды ма, ол өзінің таңдауына байланысты болмақ. Мұндай таңдау жасау ондағы ерік еркіндігінің бар екендігін меңзейді. Шындығында, Августиннің ойының өзіндік ерекшелігі — ол жанның мәнін оның ақыл-ой қызметінде емес, ерікті қызметінен көруінде болып отыр. Ерік еркіндігінің бар екендігін жоққа шығармайды. Бұл адамның жаратылуы сәтінде оған берілген және еріктен ажыратылмайтын таңдау еркіндігі. Еркіндік — ең үздігін таңдаудағы ерік еркіндігінің мүмкіндігі. Сондықтан, егер бұл олардың еркінен тыс жүзеге асырылса, таңдаулыларды құтқарылуға апаратын рақымға қайшы келмейді. Сайып келгенде, бәрі Құдайдың бұйрығымен жүреді, ол тек адамның еркінің кез келген әрекетін болжап қана қоймай, алдын-ала анықтайды. Осылайша, адамның еркіндігі иллюзорлы, бұлдыр болып шығады. Субъективті түрде индивид еркін және жауапкершілікпен әрекет етеді (индивидуалды жауапкершілік идеясы), бірақ ол жасаған барлық нәрсені, шын мәнінде құдай ол арқылы жасап отырады [4; 31].

Боэцийдің ерік еркіндігі туралы пайымдаулары «Құдайдың алдын ала білуі» туралы сұрақтың жалғасы ретінде болғандықтан, ол әлемде тағдырдың болатындығына және адамда ерік еркіндігінің болатындығына қарсы келетін көптеген өзара шарттасқан себептердің болатындығына сенді. Бірақ та оның дәлелдеуі бойынша, «...себептердің өзіндік тәртібі қалай да орналасқан болмасын, алдын-ала танылған нәрсе болашақта оқиғалар мен заттардың пайда болу қажеттілігін тудырмайды», яғни бұл таңдау мүмкіндігінің болатынын білдіреді. Кез келген саналы жанға бір нәрседен екінші нәрсені ажырата білу қабілеті мен ерік еркіндігі берілген. Бірақ та адам өзінің ұмтылыстарын жүзеге асыру үшін шынайы құдірет берілмеген. Ақыл — ой адамға өзінің тілектеріне шектеулер қою қажет екендігі туралы түсінік береді. Еріктің зұлым істерге деген бағытының өзгерісі адамның ішкі интенцияларының жоғарғы ақиқатты тануға деген ұмтылысын жоғалтып алуынан болады, және адам өзінің жеке күш жігерін жердегі дүниелерге аударып, оны білімсіздік пен адасушылық күйіне түсіреді. Ал бұл адамның жеке ақыл ойына деген билігін жоғалтып алуына апарады да адам жанында құлдырау басталады. Боэцийдің түсінігі бойынша, еркіндік — өзінің кемшіліктерінің құлына айналу қажеттілігінен азаттықты білдіреді. Боэций жанды осындай құлдырау күйінен қалай азат етуге болатындығы туралы пайымдарын келтіре отырып, жан еркіндігінің ең жоғарғы дәрежесі «Құдіреттің ақыл ойын тану» күйіне ену кезінде болмақ деп тұжырымдады. Ерік еркіндігі туралы Боэцийдің тұжырымдамаларынан адамның іс-әрекетіне байланысты жасаған қатыгездігі мен пен жасаған еңбегіне лайықты жазалаудың әділдігін мойындаудың маңызды екендігі байқалады. Оның пікірінше, басыңды алып қашу мүмкін болмайтын, барлық болып жатқандарды, болып кеткендер мен болуы мүмкіндердің алдын ала білетін құдіретті заңы болады, дегенмен адамда өзінің еркі бойынша өзінің әрекеттерін өзгерту мүмкіндігі сақталып қалады. Сонымен, Боэцийдің тұжырымдамасында адам өзінің табиғатында о бастан тақуалық сипаты болғандықтан, ол толыққанды еркін бола алмайды, өйткені ол ешқайда қашып құтылмайтындай, Құдайдың құрсауында және бақылауында болады. Осындай еркіндікті түсіндіруде Ансельм Кентерберийскийдің ойлары Боэцийдің көзқарастарынан аздап ерекшеленеді. Ол Құдайдың еркі мен ақиқатты тікелей теңдестіреді. Ол Жаратушының еркі ақылға қонымсыз болатындығы туралы ойды мүлдем қабылдамады. Адамның еркі Құдайдың еркіне бағынуы керек деген ойды айта келіп, адамның міндеті мен парызы, адам осы ұйғарымды орындамасы, ол еріктің әділдігі заңын бұзады. Әділ (дұрыс) ерік болмаса, ешқандай амал әрекетті Құдай қолдай алмайды. Ансельмнің ойынша, әділ ерік нәтижесіне ізгі амал әрекеттер жатады. Осы көзқарасты Фома Аквинскийдің шығармаларынан да кезіктіруге болады, оның ойынша ерік — рухани қозғаушы қабілеттілік. Ерік табиғи абсолютті қажеттілікпен қоса игілікті қалайды. Қажеттілік бойынша ерік — игілікті көздейді. Игілікке ұмтылу қажеттілігі мен игілікті қалау философтың ойынша жалпы барлық ерік амалдары мен әрекеттерінің бастапқы шыққан нүктесі. Фома Аквинскийдің ойынша, ерік Құдаймен байланысты және оған апаратын барлық нәрсені қажеттілікпен қалайды, өйткені шынайы бақыт тек Құдайда болады. Егер адам Құдайдың мәнін және жеке игіліктердің осы мәнмен байланысын тікелей көре алатын болса, онда Фома Аквинскийдің пікірінше, ол қажетті түрде Құдайға ұмтылады және осы жолда нық тұрады, өйткені «әрқашан бақытты болуды

калауы керек» [4]. Аквинаттың ойынша, бақытқа жетелемейтін «индивидуалды» игіліктер табиғи қажеттілікпен қалауда болмаған ерік — «оларға қатысты ерік қажеттіліктен азат» [5]. Бұл игіліктерсіз ақ адам бақытқа қол жеткізе алады. Адам мен Құдайдың қарым-қатынасында әрқашан үйлесімділік болуы үшін Құдайдың рақымы адамның ерік-жігерін бағыттап отырады. Аквинскийдің ойынша, Құдай еріктің жалғыз ғана сырттай көзі болып табылады және оны қозғалысқа келтіру қабілетімен қамтамасыз етеді: «ерік пен интеллекттегі қозғалыстың бастапқы себебі — оларға қатысты ең жоғары, яғни Құдайдың өзі» [12]. Еріктің қозғалысының ішкі қайнар көзіне оның өзі жатады, қажетті мақсатына жетуі үшін өзін өзі қозғалысқа келтіреді. Ерік, философтың ойынша, белгілі бір мақсатқа ұмтылу әрекеті. Ал, таңдау жасау үшін жауапты болатын ерік еркіндігін Фома Аквиский осы мақсатқа қол жеткізу тәсілдеріне жатқызды. Шынымен де, мақсат сол мақсатқа жету үшін қажетті тәсіл құралмен байланысты. Сондықтан ерік әктісі де, таңдау да бір қабілетке жатады, «ерік пен ерік еркіндігі екі күш емес, бір күш» [13]. Фома Аквинский үшін адамның еркіндігі кейбір жағдайда оның даму бағдарламасы сияқты, адам өзінің еркіндігін құндылықтарды тану мен еркін таңдау әктілерін жүзеге асыруына қарай жүзеге асырады. Мұнда ерікті және рационалды бастауларды үйлестіру маңызды рөлді атқарады. Егер де адам таңдау кезінде әрдайым игілікке ұмтылатын болса, онда бұған ол әдеттегідей болып көрінеді, сол себепті ол үшін еркін таңдау ешқандай ауыртпалық түсірмейді, қандай да бір дәрежеде бұл процесті тіпті шығармашылық процесі деп те атауға болады. Сондықтан, ерік еркіндігі ойшылдың пікірінше, адамға өзінің тұлғалық қасиеттерін тануға және ашуға көмектеседі. Ақыр соңында Фома Аквинскийдің пікірінше, жоғарғы мақсатты тануда абсолютті білімге ие адам қажеттілікпен оған деген ең үздік жолды таңдайды.

Қорытынды

Мақалада ертедегі грек ойшылдары адамзаттың тұлғалық табиғатын зерттеуге қатысты антропологиялық қызығушылықтың негізін қалап, ежелгі грек дәстүріндегі адам — саналы, рухани және әлеуметтік пенде екендігі анықталған. Платон Сократтың идеясын дамытып, адамның өмір жолын ашуға себепші болатын шешуші факторы ретінде оның еркін таңдауының маңыздылығын атап көрсетеді. Адам өзі таңдайды, өйткені ол саналы. Аристотельдің ойынша, өмір жолы индивидуалды және саяси, әлеуметтік, рухани және таңдаушы адамның ұтымды негізделген таңдауымен қалыптасады. Сократты, Платонды және Аристотельді біріктіретін ортақ ойға келсек, олар адам өмірінің индивидуалдық сипатын барынша мойындауға тырысты. Мұнда адамның еркін таңдауы, яғни ерік еркіндігі өзінің жеке өмір сүру тәсілін жасауға ерекше адами қабілеттілік ретінде қарастырылады. Мақалада стоиктердің адам әлемді өзгерте алмайтындығы, ол тағдырдың жазғанына қарсы келе алмайтындығы, бірақ ол өз өзіндегі әлемді игере алатындығы мен еркіндікке ие бола алатындығына қатысты, тағдырға бағыну үшін, оны тану керектігі туралы тұжырым жасалынған. Антикалық философия социумды қалыптастырудың адами шығармашылықты және мәдени шығармашылықты тәсілін ашып бергендігі байқалады. Өйткені, адам — ғылыми зерттеудің мәңгі объектісі болып қала бермек. Орта ғасырдағы христиандық түсінікте Құдай адамды жаратып, оларға ерік еркіндігін берген. Еркіндік адамзат мәнінің көрінісінің шарты (мүмкіндігі) ретінде танылады. Өзінің еркіндігін жүзеге асыра отырып, әрбір адам Құдай алдында өзі жауапкершілікте болады. Діни санада адамның мәнді күштері одан алшақтап, Құдайда бейнеленген, ол осыған байланысты шығармашылық қызметтің шынайы таратушысы және қайнар көзі. Мәнді күштерді іске асыру — бұл адамның өмір сүру тәсілі. Антикалық дәуірмен салыстырғанда, орта ғасыр философиясында адам баласы Құдаймен байланысы үшін жоғары бағаланады, адам өзінің әлеуметтік болмысының табиғи сипатын жоғалтады, бұл өз кезегінде жердегі адамзат өмірінің, о дүниелік өмірмен салыстырғанда, мәнін төмендетуге әкеледі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кант И. Сочинения в шести томах / И. Кант; под общ. ред. В.Ф. Асмуса. А.В. Гулыги, Т.И. Ойзермана. — Москва: изд-во «Мысль», 1966. — Т. 6. — 564 с.
- 2 Кашперский В.И. Закон. Законы науки / В.И. Кашперский // Эпистемы: сборник научных статей. Проблемы философии науки. — 2007. — Вып. 5. — С. 63–75.
- 3 Горан В.П. Древнегреческая мифология судьбы / В.П. Горан. — Новосибирск: Изд-во Наука, 1990. — 335 с.
- 4 Антология мировой философии. Философия древности и средневековья: [в 4 т.] / ред.-сост. и автор вступ. ст. В.В. Соколов. — М.: Мысль, 1969. — Т. 1. — Ч. 2. — 936 с.

- 5 Античная философия: энциклопедический словарь / ред. коллегия: П.П. Гайдено (председатель), М.А. Солопова (ответ. ред.), С.В. Месяц, А.В. Серегин, А.А. Столяров, Ю.А. Шичалин. — Москва: Прогресс-Традиция, 2008. — 896 с.
- 6 Даль В. Толковый словарь живого великорусского языка / В. Даль. — М.: СПб, 1882. — Т. 14. — 712 с.
- 7 Диоген Лаэртский. О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. / Лаэртский Диоген; ред. тома и авт. вступ. ст. А.Ф. Лосев; Перевод М.Л. Гаспарова. — 2-е изд. — М.: Мысль, 1986. — 571 с.
- 8 Платон. Апология Сократа: соч. [в 3 т.] / Платон. — М.: Мысль, 1968. — Т. 1. — 621 с.
- 9 Лосев А.Ф. Платон / А.Ф. Лосев, А.А. Тахо Годи. — М.: Просвещение, 1987. — 224 с.
- 10 Аристотель. Евдемова этика / Аристотель. — М.: ИФ РАН, 2005. — 448 с.
- 11 Сенека. Нравственные письма к Луцилию / Сенека // Древнеримская философия. От Эпиктета до Марка Аврелия. — Харьков: Фалио, 1999. — 830 с.
- 12 Космос и Душа = Cosmos and Soul: учения о Вселенной и человеке в Античности и в Средние века (исследования и переводы): [сборник] / Ин-т философии Рос. акад наук; ред. П.П. Гайдено; пер. Т.Ю. Бородай. — Москва: Прогресс-Традиция, 2005. — 879 с.
- 13 Боргош Ю. Фома Аквинский / Ю. Боргош; пер. с польск. М. Гуренко. — 2-е изд. — М.: Мысль, 1975. — 184 с.

Ж.У. Дагарова, А.Т. Бакирова, С.К. Рахимжанова

Идея судьбы и свободы воли в истории античной и средневековой философии

В статье рассматриваются различные взгляды на идею судьбы и свободы воли в истории древней и средневековой философии, а также проводится историко-философский анализ проблемы судьбы. Автор рассматривает судьбу как порядок, определённый сущностью, и обращает внимание на то, что она всегда существует как особая форма бытия, объединяющая субъективность и объективность. В статье делается вывод, что, не обращая внимания на конкретные исторические варианты понимания проблемы судьбы, можно отметить, что в зависимости от степени свободы человека в его мире преобладала либо объективистская, либо субъективистская концепция. Рефлексивный анализ античной философии предлагается в контексте рассмотрения судьбы как необходимости космических процессов и основ порядка и организованности, а рефлексивный анализ Средневековья предложен в контексте изучения духовного спасения человека, то есть сотериологии, как важного философско-религиозного учения христианства. Древнегреческая философия акцентирует внимание на том, как человек может действовать в рамках природных и космических законов, в то время как средневековая философия связывает человеческую судьбу с Божьим планом и моральной ответственностью. Автор показывает, что в обоих подходах важно сохранить свободу воли человека, предоставляя ему возможность выбирать свой путь, несмотря на внешние или внутренние ограничения. Показав, что концепция судьбы стала определённым этапом в формировании концепции причинности, автор пытается продемонстрировать, что понимание судьбы открыло новые когнитивные возможности, а её результат стал причиной формирования рационального мышления.

Ключевые слова: судьба, свобода, свобода воли, Бог, благо, логос, Разум-Демиург.

Zh.U. Dagarova, A.T. Bakirova, S.K. Rakimzhanova

The Idea of fate and free will in the History of Ancient and Medieval Philosophy

The article examines various perspectives on the idea of fate and free will in the history of ancient and medieval philosophy, as well as provides a historical-philosophical analysis of the problem of fate. The author considers fate as an order defined by essence and emphasizes that it always exists as a unique form of being, uniting subjectivity and objectivity. The article concludes that, regardless of the specific historical variations in understanding the problem of fate, it can be noted that depending on the degree of freedom a person has in their world, either an objectivist or subjectivist concept predominated. The reflexive analysis of ancient philosophy is proposed in the context of considering fate as the necessity of cosmic processes and the foundations of order and organization, while the reflexive analysis of the Middle Ages is suggested in the context of studying human spiritual salvation, that is, soteriology, as an important philosophical and religious doctrine of Christianity. Ancient Greek philosophy emphasizes how a person can act within the framework of natural and cosmic laws, while medieval philosophy links human fate with God's plan and moral responsibility. The author demonstrates that in both of these approaches, it is important to preserve human free will, giving him the opportunity to choose his path despite external or internal limitations. By showing that the concept of fate became a certain stage in the formation of the concept of causality, the author

attempts to demonstrate that the understanding of fate opened new cognitive possibilities, and its outcome became the cause of the formation of rational thinking.

Keywords: fate, freedom, free will, God, goodness, logos, Mind-Demiurge.

References

- 1 Kant, I. (1966). *Sochineniia v shesti tomakh [Essays in six volumes]*. Asmus, V.F., Gulyga, A.V., & Ojzerman, T.I. (Eds.). (Vols. 1–6; Vol. 6). Moscow: Mysl [in Russian].
- 2 Kashpersky, V.I. (2007). *Zakon. Zakony nauki [Law. The laws of science]*. *Epistemy: Sbornik nauchnykh statei. Problemy filosofii nauki — Epistemes: A Collection of Scholarly Articles. Problems of philosophy of science*, Issue 5, 63–75 [in Russian].
- 3 Goran, V.P. (1969). *Drevnegrecheskaia mifologema sudby [The ancient Greek mythology of fate]*. Novosibirsk: Izdatelstvo Nauka [in Russian].
- 4 Sokolov, V.V. (Eds.). (1969). *Antologiiia mirovoi filosofii. Filosofiiia drevnosti i srednevekovia [An anthology of world philosophy. Philosophy of Antiquity and the Middle Ages]*. (Vols. 1–4; Vol. 1; Part 2). Moscow: Mysl [in Russian].
- 5 Gaidenko, P.P., Solopova M.A., Mesiat, S.V., Seregin, A.V., Stoliarov, A.A., & Shichalin, Yu.A. (Eds.). (1966). *Antichnaia filosofiiia [Ancient Philosophy]*. Moscow: Progress-Traditsiia [in Russian].
- 6 Dahl, V. (1882). *Tolkovyi slovar zhivogo velikorusskogo yazyka [Explanatory dictionary of the living Great Russian language]*. (Vol. 14). Moscow: SPb [in Russian].
- 7 Losev, A.F. (Eds.). (1986). *Diogen Laertskii. O zhizni, ucheniakh i izrecheniakh znamenitnykh filosofov [Diogenes Laertius. About the life, teachings and sayings of famous philosophers]*. (2nd ed.). Moscow: Mysl [in Russian].
- 8 Plato. (1968). *Apologiia Sokrata [The Apology of Socrates]*. (Vols. 1–3; Vol. 1). Moscow: Mysl [in Russian].
- 9 Losev, A.F., & Taho Godi, A.A. (1987). *Platon [Plato]*. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 10 Aristotle. (2005). *Evdemova etika [Evdemov's ethics]*. Moscow: Institut Filosofii Rossiiskoi Akademii Nauk [in Russian].
- 11 Seneca. (1999). *Nravstvennye pisma k Lutsiliu [Moral Letters to Lucilius]. Drevnerimskaiia filosofiiia. Ot Epikteta do Marka Avreliia — Ancient Roman philosophy. From Epictetus to Marcus Aurelius*. Kharkiv: Falio [in Russian].
- 12 Gaidenko, P.P. (Eds.). (2005). *Kosmos i Dusha = Cosmos and Soul: ucheniia o Vselennoi i cheloveke v Antichnosti i v Srednie veka (issledovaniia i perevody) [Cosmos and Soul: Teachings about the Universe and Man in Antiquity and the Middle Ages (research and translations)]*. (T. Yu. Borodai, Trans). Moscow: Progress-Traditsiia [in Russian].
- 13 Borgosh, Yu. (1975). *Foma Akvinskii [Thomas Aquinas]*. (2nd ed.). Moscow: Mysl [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Дағарова Жанар — Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті философия және мәдениет теориясы кафедрасының докторанты, Қарағанды, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-3766-202X>

Бакирова Алуа — «Философия» мамандығының магистрі, Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-4990-0582>

Рахимжанова Саяна — PhD, «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ ассистент-профессоры, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-8873-5244>

Information about the authors

Dagarova Zhanar — PhD Student, Department of Philosophy and Theory of Culture, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-3766-202X>

Bakirova Alua — Master of the Specialty “Philosophy,” Karaganda Medical University, Karaganda, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-4990-0582>

Rakimzhanova Sayana — PhD, Executive Assistant Professor, “S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University” (KATRU), Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-8873-5244>